



Газет 1935 жылғы қазан айынан шығады

Алақол

Аудандық қоғамдық-саяси газет ● Районная общественно-политическая газета ●

№33 (8119) 17. 08. 2024.
Сенбі / Суббота

Абай күні аталып өтті

10 тамыз – ұлт руханиятының темірқазығы, Абай Құнанбайұлының туған күні. Абай күні – қазақтың ізгілік пен ізденіс, өркениет пен жаңғыру жолына басқан тағы бір айқын қадамы.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында «Абай мұрасы – біздің ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға

жол ашатын қастерлі құндылық» екенін айтып, ел дамуындағы Абай рөлін айшықтай түскен болатын.

Осы орайда, 10 тамыз Абай Құнанбайұлының туған күніне орай Үшарал қаласы Абай атындағы қазақ орта мектебінде орналасқан Абай ескерткішіне гүл шоқтары қойылып, рухына тағзым етілді.

Жиында аудан әкімінің орынбасары М.Төлеужанов Абай күні

мен құттықтап, Ұлы Абайдың рухани мұраларын, қара сөздерін еске алды.

Облыстық Абай оқуларының жеңімпазы Жүсіп Инжу ақынның «Ғылым таппай мақтанба» атты өлеңін оқыды.

Шара соңында Абай Құнанбайұлының еңбек жолы мен шығармалары жинақталған кітап көрмесі ұсынылды.

А.МҰРАТ,
Аудан әкімінің баспасөз хатшысы.

Недавно в районном акимате прошло торжественное собрание, посвященное Дню строителя РК. Аким района А.Абдинов поздравил представителей подрядных органов, специалистов, осуществляющих технический и авторский надзор, с профессиональным праздником.

В своей поздравительной речи А. Абдинов, отметил, что строители регионавносят большой вклад в развитие района.



В районе чествовали строителей



- Мы поздравляем тех, чей труд преобразует наш край, улицы наших городов и сел. Строитель — это созидатель, творец. Своим нелегким трудом они не только решают ряд важных социальных задач по обеспечению населения жильем, расширению инфраструктуры городов и поселков, но и создают предпосылки для дальнейшего успешного развития нашей страны.

Высокий профессионализм и огромный опыт строителей востребованы во все времена. Руками строителей возводятся производственные объекты, прокладываются дороги, строятся жилые дома, школы, больницы и, в целом, развитие строительной отрасли способствует подъему ряда других сфер и решению многих социальных вопросов, - сказал А.Абдинов.

- Дорогие строители! Убежден, благодаря вашему про-

фессионализму, новаторству, ответственности и преданности избранному делу, мы и дальше будем уверенно добиваться новых успехов и достижений в сфере строительства. В этот праздничный день желаю вам и вашим близким крепкого здоровья, счастья, мира, добра и благополучия, - отметил аким района А. Абдинов.

В этот день за вклад в развитие отрасли ряд ответственных лиц и специалистов были удостоены наград. Благодарственные письма из рук акима района получили 22 представителя данной сферы, среди которых: ответственный руководитель ТОО «СПМПКА 2017» А. Себепов, частный строитель А. Саятов, директор ТОО «Алақол Бетон» А. Молдыкулов и другие.

Завершилось торжественное собрание вручение благодарственных писем.

Ш. ИМАНАСОВА.



Оказали юридическую помощь и консультацию



Недавно в здании нотариата области Жетісу Алакольского района города Ушарал состоялось заседание круглого стола заместителя начальника Департамента юстиции области Жетісу Ерлана Еркебуланулы Ахметбек.

В мероприятии приняли участие нотариусы нотариальной палаты области Жетісу Алакольского района города Ушарал. А также в работе за-

седания приняли участие государственный судебный исполнитель Аксуского межрайонного территориального отдела принудительного исполнения Жагипарова Шынар Турадкыновна, начальник отдела юридического толкования и юридических услуг Ерсайын Жасулан.

В ходе заседания, а именно «Дня бесплатной юридической консультации» - как одного из элементов «слушающего госу-

дарства», присутствующим был разъяснен механизм реализации прав человека. Сегодня такие мероприятия как никогда актуальны, способствуют реализации взаимодействия населения с госорганами», - подчеркнул заместитель начальника Департамента юстиции области Жетісу Ерлан Еркебуланулы.

В ходе заседания были затронуты востребованные и актуальные темы в сфере нотариата как «Порядок фактического принятия наследства», а также «Меры по борьбе с легализацией доходов, полученных преступным путем, финансированием терроризма, на аспекты правового поля заострил внимание присутствующих заместитель начальника Департамента юстиции области Жетісу Ерлан Еркебуланулы.

Таким образом можно с уверенностью отметить что из года в год такие мероприятия будут еще более востребованы среди населения области, есть возможность получить юридическую помощь и консультацию по интересующим вопросам.

Ш.НУКЕБАЕВА.

Спорт – тек сайысқа түсу емес



Қазақстан Республикасын да спорт күні тамыз айының үшінші жексенбісінде аталып өтіледі. Жанға серік, бойға қуат болатын бұл саланың мемлекет үшін де, жеке адамдар үшін де маңызды екені рас.

Басты байлық денсаулықты қуаттандыратын да, қанаттандыратын да – спорт. Спортпен айналысу, шұғылдану қай заманда болса да өзекті, қазіргі тілмен айтқанда – «трендте». Себебі адамның денсаулығы мен өмір салтының салауатты болуын қамтамасыз ететін фактор – спорт.

Елімізде қай спорт түрі болмасын, онымен айналысуға мүмкіндік көп. Жақында ғана өткен Олимпиаданың өзінен еліміз жүлделі оралып, спорттың әлемдік додада да қажет екені көзге ұрып тұрды. Спортшылардан бөлек кез келген адам спортпен айналысса – құба-құп. «Спорт – оптимистік мәдениетті, сергектік мәдениетін қалыптастыру» деп орыс жазушысы Анатолий Луначарский айтқандай, ұлт саулығы үшін жеке адам өз басының денсаулығын қамтамасыз ету керек. Әлемнің экологиялық жағдайы нашарлап жатқаны барлығымыздың денсаулығымызға кері әсерін тигізіп жатыр. Сондықтан әр адам өз денсаулығын жіті қадағалағаны абзал. «Дені сау адам – табиғаттың ең қымбат жемісі» деп жазушы Томас Карлейль айтқандай, әр адам кемінде 15 минут күнделікті жаттығу жасаудың өзі денсаулығымызға көп пайдасын тигізеді.

Қазіргі замандағы спорттың рөлі мен әсері

Бүгінгі күні спорт – тек физикалық белсенділік емес, ол жаһандық құбылысқа айналған маңызды мәдени және әлеуметтік институт. Спорт қоғамдағы әртүрлі салаларға, оның ішінде денсаулық, білім беру, экономика және саясатқа әсер етеді. Бұл мақалада біз қазіргі заманғы спорттың рөлі мен оның адамзат өміріндегі ықпалын талдаймыз.

Спорт пен денсаулық

Денсаулық – кез келген адамның ең үлкен байлығы. Спорт

адамның физикалық және психологиялық жағдайын жақсартуға ықпал етеді. Жүйелі түрде спортпен шұғылдану жүрек-қан тамырлары жүйесін нығайтады, бұлшықеттер мен буындарды дамытуға көмектеседі, сондай-ақ иммунитетті көтереді. Сонымен қатар, спорт психологиялық денсаулыққа да жағымды әсер етеді: стрессті азайтады, көңіл-күйді көтереді және өзін-өзі бағалауды жақсартады.

Әлеуметтік Интеграция мен Бірлікті Нығайту

Спорт – әртүрлі ұлттарды, мәдениеттерді және әлеуметтік топтарды біріктіретін күшті құрал. Халықаралық жарыстар, мысалы, Олимпиада ойындары немесе Әлем чемпионаттары, бүкіл әлемнің спорт сүйер қауымын бір арнаға біріктіріп, ортақ мақсатқа жетуге итермелейді. Бұл оқиғалар адамдар арасында түсіністік пен бейбітшілікті нығайтуға ықпал етеді.

Білім беру мен спорттың өзара қарым-қатынасы

Спорт тек физикалық емес, сонымен бірге зияткерлік дамуға да үлес қосады. Мектептер мен жоғары оқу орындарында спорт сабақтары оқушылар мен студенттердің бойында тәртіп, жауапкершілік, мақсатқа ұмтылушылық сияқты маңызды қасиеттерді қалыптастырады. Жас спортшылар өздерін сынап, жеңіске жету мен жеңілісті қабылдау мәдениетін үйренеді, бұл оларды болашақта табысты өмір сүруге дайындайды.

Экономикадағы спорттың маңызы

Спорт индустриясы – әлемдік экономиканың маңызды салаларының бірі. Ол туризм, медиа, жарнама және демеушілік сияқты секторлармен тығыз байланысты. Спорттық іс-шаралар миллиардтаған долларлық айналымдар әкеліп, көптеген жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді. Мысалы, үлкен спорттық

жарыстарды ұйымдастыру қалалар мен мемлекеттердің экономикалық дамуына серпін береді.

Саясат пен спорт: Тарихи байланыс

Спорт пен саясат арасындағы байланыс ұзақ тарихқа ие. Спорттық іс-шаралар кейде саяси мақсаттарға жетудің құралы ретінде пайдаланылады. Кейбір жағдайларда, спорт халықаралық қатынастарды жақсартуға немесе керісінше, шиеленісті күшейтуге әсер етеді. Спорт саясаткерлер мен мемлекеттердің бейнесін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Қазіргі заманда спорт адам өмірінің барлық аспектілеріне терең еніп, қоғамның ажырамас бөлігіне айналды. Оның денсаулыққа, әлеуметтік байланыстарға, білім беруге, экономикаға және саясатқа әсері орасан зор. Спорттың күші мен ықпалы арта түсетіні сөзсіз, және ол болашақта да қоғамның дамуына үлес қоса береді.

Мемлекет өз болашағына, ертеңіне сеніммен нық қадам жасауы үшін ұлты сау болу керектігін айтқым келеді. Ал жалпы ұлт саулығы жекелей адамдардан басталады. Сондықтан да денсаулығымызды қамтамасыз ететін спорттан қалыс қалмайық! Спорт күні құтты болсын! Спортпен айналысатын, спортты сүйетіндер қатары толығымен берсін!

Арнұр Нұрланұлы
ҚР-на еңбегі сіңген жаттықтырушы, ауданымыздағы Джиу-джитсу спортының негізін қалаушы.

ЖАЛАҢАШКӨЛ ОҚИҒАСЫНА – 55 ЖЫЛ



Үшарал қаласындағы Д.Қонаев атындағы орталық алаңда «Жалаңашкөл оқиғасына – 55 жыл» деп аталатын шекараны қорғау және күзету кезінде ерлікпен қаза тапқан шекарашыларды еске алу шарасы болды. Бұл оқиға ерлік пен Отан қорғаудағы жанкештіліктің синонимы десек болады.

1969 жылы 13 тамызда қытай әскери қызметкерлері екі топпен «Жалаңашкөл» шекара заставасы шебіндегі Кеңес Одағының шекарасын аттап өтіп, мемлекеттік шекараға кіріп, шекарашылардың ескертуіне қарамастан «Каменная» және «Правая» биіктіктерінің солтүстік баурайына бекініп, қыр көрсете бастады. Содан кейін қарулы қақтығыс басталып кетті. Ұрыс барысында «Жалаңашкөл» шекара заставасының шекарашылары кіші сержант Михаил Дулепов пен қатардағы жауынгер Виктор Рязанов ерлікпен қаза болып, 12 шекарашы жараланған. Біздің шекарашылардың асқан қырағылығы, жоғары жауынгерлік дайындығы, кәсіптік шеберлігі, ерлігі мен батылдығы арқасында өз Отанының әрі мақтанышы, әрі қорғаны бола бермек.

Ал сол ерлікті дәріптеу, шекарашылардың жауынгерлік рухын көтеру үшін мысалға қою – ұрпақтың міндеті. Бұл оқиға Алақөл ауданындағы шекара қызметінің айбатын көрсетеді. Сол үшін де ерлігін ұлықтап, болашақ ұрпақтың есіне салу абыройлы іс болмақ.

Осыған орай орталық алаңдағы еске алу шарасы

ескерткішке гүл қою рәсімімен басталды. Содан кейін қаза тапқан шекарашылардың құрметіне бір минуттық үнсіздік жарияланды.

Мемлекеттік гимн ойнап, шара салтанатты түрде ашық деп жарияланған соң, ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы департаментінің бастығы, полковник Марат Құнанбайұлы Нарбаев сөз алып, оқиға туралы еске алып, шекарашылардың ерлігін әңгімеледі.

Одан кейін Үшарал қаласының әкімі Мақсұт Омарұлы Сайдылдинов сөз алып, шекара шебін батырлықпен күзетіп, опат болған оғандардың ісін еске алып, қаза болған сарбаздардың қайсарлығы мәңгілік жадымызда қалатынын айтты. Сондай-ақ бүгінде М.Дулепов пен В.Рязановқа Үшарал қаласында көше аттары да берілген. Бұл да болса өңірімізде ерлік істегендердің еңбегі ұмытылмағанын көрсетсе керек.

Шараның ресми бөлігі аяқталған соң, Жалаңашкөл оқиғасына арналған экспонаттары бар көрме қойылды. Онда оқиғаның желісімен жасалған реконструкциялық макет те бар. Бұған қарап осыдан 55 жыл бұрынғы оқиғаның қақ ортасына түскендей боласың. Сондай-ақ сол кезде қару-жарақ, киім үлгісі, М.Дулепов пен В.Рязановтың бюсті де бар.

«Ерім дейтін ел болмаса, елім дейтін ер қайдан болсын?» демеіме қазақ. Ерін ұлықтап, еңсесін биік ұстаған елдің де болашағы жарқын, батырлары қырағы, ұрпағы салауатты болмақ.

А.СҮЛЕЙМЕН.

«Үздік жас журналист - 2024»



йырымдылық қоры мен еріктілер тобын құрып, қайырымдылық бағытында орасан жұмыстар атқаруда. 2024 жылға дейін 6 млн. теңге көлеміндегі қайырымдылық жұмыстарының жүзеге асуына ұйытқы болды. 2017 жылдан бері ауданда «Бір арман» қайырымдылық қорын құрып, «Армандар орындалады», «Жақсылықта жарыса-йық», «Қарияларға көмек», «Мұқтаждарға мейірім», «Тегін дүкен», «Балаларға базарлық» сынды жобаларды ұйымдастырып, қазіргі таңда қарқынды қызмет етуде. Әсіресе, пандемия кезінде халық пен дәрігерлерге көмек көрсетуде орасан жұмыстарды жүзеге асырды.

Аса белсенділігінің арқасында Алақөл ауданы әкімінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша кеңесшісі және «Жетісу – адалдық алаңы» жобалық кеңсесі аудандық филиалының басшысы, Жетісу облысы бойынша «Amanat» партиясы жанындағы жастарды қолдау бойынша облыстық кеңесінің төрағасы болып отыр.

Халықтың сөзі мен тілегін газет бетіне түсіріп, елдің де алғысын молынан арқалаған Алматы Асхатұлы 2021 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Журналистер одағының мүшесі болды.

Бұдан бөлек 2019 жылдан бері «Алақөл-ТВ» ақпараттық-танымдық телестудиясын ашып, бірнеше адамды жұмыспен қамтып отыр. Телестудияда апта сайын аудан жаңалықтары түсіріліп, өңірдің барлық тыныс-тіршілігі берілуде. Сонымен қатар «Amanat» партиясының жұмысы, мәслихат пен депутаттардың қызметі бойынша да жаңалықтар түсірілімде.

2021 жылы алғашқы «Бапкер Бақытбек» атты кітабы жарық көрген.

Алматы Асхатұлы ақындық өнермен таныстығын бесінші сыныптан бастаған. Мектепішілік, қалалық, аудандық мұшайраларда топ жарып, облыс, республика көлемінде де жүлделі болып жүрді. Қаламға деген құштарлығы мен әдебиетке деген шексіз махаббатының арқасында тағдыр торабын да жазушылықпен байланыстырып, журналист мамандығын таңдайды.

Өзінің еңбек жолында Алматы облысының «Көшбасшы» жастар сыйлығының жеңімпазы, облыстық «Үздік ерікті» додасының бас жүлде иегері болды. Сондай-ақ ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың Алғыс хатын, ҚР Парламенті Сенатының Құрмет Грамотасын, ҚР Мәдениет және спорт министрінің Алғыс хатын, ҚР Тұңғыш Президенті «Елбасы» қоры төрағасының Алғыс хатын, ҚР Тұңғыш Президенті кітапханасының төрағасының Алғыс хатын, Алматы облысы әкімінің екі мәрте Алғыс хаты, Жетісу облысы әкімінің екі мәрте Алғыс хатын, Алматы облысы әкімінің орынбасары мен облыстық ішкі саясат басқармасы басшысының Алғыс хатын, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі Алматы облысы бойынша департаменті басшысының Алғыс хатын, облыстық жастар мәселелері басқармасы басшысының, облыстық дін істері басқармасы басшысының «Алғыс хаттарын», облыстық тілдерді дамыту басқармасының Құрмет грамотасын алған.

Ақындық өнерінде және журналистика саласында да алған жүлделері мол. Республикалық жол сапасын қадағалау бойынша өткен журналистер додасында «Үздік басылым мақаласы» номинациясының иегері, «Жас қалам» облыстық жас журналистер байқауының «Ғаламтор бетіндегі үздік жариялым» номинациясының бас жүлде иегері, «Qalam Prize» об-

лыстық жас журналистер байқауының «Үздік талдамалық зерттеу мақаласы» номинациясының бас жүлде иегері, «Салт пен дәстүр – дін тірегі» атты облыстық ақындар мүшайрасының бас жүлде иегері, «Дін – зайырлы мемлекеттің рухани тірегі» атты облыстық ақындар мүшайрасының бас жүлде иегері, Облыстық «Бөрібай батыр» мүшайрасының ынталандыру сыйлығының иегері және жыр жинағына поэмасы енген. Облыстық «Мемлекеттік тіл және БАҚ» журналистер байқауының бас жүлде иегері. 2020 жылдың қорытындысы бойынша аудандық газеттің «Үздік тілшісі» аталымын иеленген. «Асыл әке» медалін де төсіне таққан бес баланың әкесі.

Бұдан бөлек І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті ректорының, М.Тынышпаев атындағы Алматы облыстық мұражайы директорының, Алматы облыстық жастар ресурстық орталығы директорының, Алматы облыстық «Достық үйі – Қоғамдық келісім орталығы» директорының «Алғыс хат» иегері. ҚР Президенті кеңесінің бастығының, «Жас медиа» жас журналистер орталығының, «Медианет» халықаралық журналистика орталығының сертификаттарының иегері. Жетісу облысының «Үздік волонтер» аталымының жеңімпазы.

Алақөл ауданы бойынша «Жыл үздігі» сыйлығын, гендерлік теңдік бағытындағы «Үздік мақала» аталымын, «Amanat» партиясы атқарушы хатшысының сертификатын, «Amanat» партиясы облыстық филиалы төрағасының, облыстық «Қоғамдық келісім» КММ директорының, облыстық қоғамдық ұйымдардың Алғыс хаттарын тақымға басқан.

Алақөл аудандық мәслихатының жетінші шақырылымының депутаты. ҚР Журналистер одағының мүшесі, Әлем халықтары жазушылары одағының мүшесі, Халықаралық жазушылар одағының мүшесі, Қазақстанның жас жазушылары мен өнер шеберлері ассоциациясының мүшесі.

«Үздік жас мемлекеттік қызметші - 2024»

Жетісу облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы, Алақөл ауданының тумасы Мизамбаев Ермек Арынханұлы Жетісу облысы әкімінің «Көшбасшы – 2024» сыйлығының «Үздік жас мемлекеттік қызметші» номинациясының жеңімпазы атанды.

Мизамбаев Ермек Арынханұлы Қазақстан Республикасының азаматы, 1990 жылы 17 қаңтарда Талдықорған облысы, Алақөл ауданы, Рыб-Завод ауылында дүниеге келді.

Еңбек жолын 2011 жылдың ақпан - 2011 жылдың шілде айлары аралығында «Жетісу Энерготрейд» ЖШС Талдықорған ОСЭ курьері болып бастады.

2011 жылдың желтоқсан - 2014 жылдың наурыз айлары аралығында Алақөл ауданы Ырғайты аулдық округі әкімі аппаратының іс жүргізу жөніндегі бас маманы. 2014 жылдың сәуір - 2017 жылдың қаңтар айлары аралығында ШҚО әкімі аппараты ұйымдастыру - инспекторлық бөлімінің бас маманы, 2017 жылдың қаңтар - 2018 жылдың шілде айлары аралығында Алматы облысы әкімінің аппараты құжаттамамен қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің бас маманы – облыс әкімі орынбасарының көмекшісі, 2018 жылдың



тамыз – 2021 жылдың қыркүйек айлары аралығында Алматы облысы әкімінің аппараты ұйымдастыру - инспекторлық жұмыс бөлімінің бас инспекторы, 2021 жылдың қыркүйек - 2022 жылдың қыркүйек айлары аралығында Алматы облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары, 2022 жылдың қыркүйек - 2023 жылдың қыркүйек айлары аралығында Жетісу облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары лауазымдарын атқарды. 2023 жылдың қыркүйек айынан бастап Жетісу облысының

жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы лауазымын атқарып отыр.

2011 жылы жоғарғы оқу орнын бітіріп, сол жылы өзінің туып-өскен Алақөл ауданы Көктұма ауылында округ әкімшілігінде мемлекеттік қызметті бастады.

Ауылда тұрғындар игілігіне жұмыс жасап, әкімшілікті барлық қызметтерге тікелей жауапты маман болды. Жаз мезгілінде көл жағалауында таңғы 4-тен қолмен қоқыс тазалап, 8-ден қалыпты әкімшілікте жұмыста болды.

2014-2016 жылдары Шығыс Қазақстан облысы әкімі аппаратында қызмет атқарды. Марқұм Б.Сапарбаевпен бірге жұмыс жасау бұйырды. Осы арада үйленіп, ата-анасына Семейден келін түсірді. Бүгінде үш баласы бар.

2016 жылдың қазан айында Алматы облысы әкімі аппаратына бас маман қызметіне ауысып, 2019 жылы облыс әкімінің әлеуметтік сала бойынша бас инспекторы лауазымына тағайындалды.

2019 жылы енгізілген жаңа Атаулы әлеуметтік көмек түрі, 2020 жылдан басталған Пандемия кезеңі тікелей жұмысы болды.

Облыс әкімдігіне түрлі арызбен келген осал топтағы азаматтармен тікелей

сөйлесе отырып, мәселелерін шешуде атқарған жұмысының нәтижесі өмірлік тәжірибие болды.

2021 жылы «еңбектеген баладан, еңкейген қартқа дейін» қызмет көрсетін ауқымды сала Алматы облысы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары болып тағайындалды. Облыс бөлініп, 2023 жылы 1 қыркүйектен Жетісу облысы басқармасының басшысы қызметінде.

Бүгінде облыста тек әлеуметтік қорғау саласында 3 мыңға жуық адам еңбек етеді. Облыста әлеуметтік қорғау саласында халыққа 45-ке жуық түрлі әлеуметтік маңызы бар қызметтер көрсетіледі.

Жас волонтерлермен бірлесіп, соңғы 3 жылда облыста 5 мыңнан астам әлеуметтік осал топтағы азаматтарға демеушілерді тарта отырып, қайырымдылық шаралар ұйымдастырылды. «Харекет» қорымен бірлесіп, 57 отбасыға баспана табысталды. Жұмысшы мамандықтарға 35 мың мүгедектігі бар тұлғалар мен жұмыссыз санаттағы адамдар жұмысқа орналасты.

Алақөл ақпарат.



Отбасындағы және қоғамдағы маңызды міндет

Баланың болашақта қандай азамат болатыны тікелей оның алған тәрбиесіне байланысты. Отбасы – баланың ең алғашқы әрі маңызды тәрбие ордасы, ал қоғам оның толыққанды тұлға болып қалыптасуына ықпал етеді. Бала тәрбиесінде ата-ана, мұғалімдер, қоршаған ортаның әсері үлкен. Баланың ішкі дүниесі, құндылықтар жүйесі осы тәрбие арқылы қалыптасады. Осы мақалада біз баланы тәрбиелеудің негізгі бағыттары, әдістері және тәрбиенің маңызды тұстарын қарастырамыз.

Отбасы – тәрбиенің бастауы

Отбасы – бұл баланың өмірге көзқарасы қалыптасатын, ең алғашқы тәрбие алатын ортасы. Отбасының рөлі ерекше, өйткені баланың алғашқы күндерінен бастап, оның болашақ өміріне қажетті қасиеттер, мінез-құлық үлгілері осында қалыптасады. Ата-ана – баланың ең бірінші тәрбиешісі, оның өмірдегі жолбасшысы. Баланың бойындағы көптеген қасиеттер, өмірге деген көзқарас, мінез-құлық ерекшеліктері ата-анадан көрген, естіген нәрселерге негізделеді. Ата-ананың баласына көрсеткен үлгісі – бұл оның болашақта қоғамда қалай әрекет ететініне тікелей ықпал ететін фактор. Ата-ананың мейірімі, түсіністігі, оған көрсеткен қолдауы баланың өзіне деген сенімділігін арттырады, болашақта кез келген қиындықты еңсеруге қабілетті тұлға болып қалыптасуына мүмкіндік береді.

Отбасы құндылықтары – бұл әр отбасының өзіндік ерекшелігі, оның рухани байлығы. Бұл құндылықтар баланың бойына отбасының дәстүрлері арқылы сіңіріледі. Отбасыда қалыптасқан сыйластық, өзара құрмет, адалдық, еңбекқорлық сияқты қасиеттер баланың өмірде дұрыс бағыт-бағдар алуына, дұрыс шешім қабылдауына ықпал етеді. Мысалы, бала отбасында үлкендерді сыйлауды үйренеді, сол арқылы қоғамдағы үлкендермен қарым-қатынасында әдеп сақтайды. Сол сияқты отбасыдағы еңбекке деген көзқарас, адалдық пен әділдік бала бойына қалыптасып, оның өмірлік принциптеріне айналады.

Баланы тәртіпке үйрету жолдары

Баланың тәртіпті болуы оның қоғамда дұрыс мінез-құлық көрсетуіне, басқа адамдармен жақсы қарым-қатынас орнатуына ықпал етеді. Тәртіпке үйрету – бұл баланың болашақта саналы, жауапты азамат болып өсуіне жағдай жасау.

Балаға тәртіптілікті үйрету үшін ең алдымен оған белгілі бір ережелер мен шекараларды түсіндіру қажет. Бұл шекаралар балаға өмірде ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін айқындауға көмектеседі. Баланың жас ерекшелігіне байланысты бұл ережелер де өзгеріп отыруы мүмкін, бірақ басты қағидалар сақталуы тиіс. Ата-ана балаға әрбір ереженің маңыздылығын түсіндіріп, оларды орындауға үйрету керек. Бұл жерде бастысы – балаға түсіністікпен қарау, оның ішкі сезімдерін ескеру. Бала қателік жасаған жағдайда, оны жазалаудан гөрі, оның қателігін түсіндіріп, оны түзету жолдарын көрсету маңызды.

Мақтау – бала тәрбиесіндегі ең маңызды құралдардың бірі. Ол баланың өзін-өзі бағалауына, өз күшіне сенуіне ықпал етеді. Бала жақсы іс-әрекеті үшін мақтау естіп, өзінің дұрыс жолда екенін сезінеді, бұл оны келешекте де дұрыс қадамдар жасауға ынталандырады. Сонымен қатар, ескерту де өз орнында қолданылуы тиіс. Бала қателік жасаған кезде оны әділ әрі түсінікті түрде ескерту керек. Бірақ бұл жерде баланың жеке басына емес, оның іс-әрекетіне назар аудару маңызды. Бұл тәсіл баланың өз қателігін түсініп, келесіде оны қайталамауға тырысуына көмектеседі.

Қоғам және мектеп: Бала тәрбиесіндегі рөлі

Бала тек отбасында ғана емес, сонымен қатар қоғамда да тәрбиеленеді. Қоғамдық орта, мектеп, достар баланың тұлға болып қалыптасуында үлкен рөл атқарады. Мектеп – бұл баланың қоғаммен, замандастарымен тығыз байланыс орнататын, білім мен тәрбие алатын ортасы. Мұғалімдер тек білім беріп қана қоймай, сонымен қатар баланың адамгершілік қасиеттерін, жауапкершілігін, өзіне және айналдасына деген құрметін дамы-

туға ықпал етеді. Мектепте бала қоғамда қалай әрекет ету керек екенін, қандай құндылықтарды ұстану қажет екенін үйренеді. Мұғалімдер баланың тұлға болып қалыптасуына әсер етіп, оған өмірде дұрыс бағыт-бағдар береді.

Достар баланың өмірінде маңызды орын алады. Достар арасындағы қарым-қатынас балаға қоғамда қалай әрекет ету

керектігін үйретеді, оның мінез-құлқына, дүниетанымына әсер етеді. Дұрыс орта таңдау арқылы бала өзіне пайдалы, дамуына көмектесетін достар табады. Ата-ана баласына дұрыс орта таңдауында бағыт-бағдар беріп, оның достарымен қарым-қатынасын бақылауы тиіс. Бұл балаға зиянды әсерден сақтануға, дұрыс жолды таңдауына көмектеседі.

Баланың тұлға болып қалыптасуындағы тәрбиенің маңызы

Тәрбие – бұл баланың болашағына жол сілтейтін, оны өмірге дайындайтын ұзақ процесс. Тәрбие арқылы бала өз болмысын таниды, өмірлік құндылықтары мен мақсаттарын анықтайды. Өзін-өзі тану – бұл адамның өзінің ішкі мүмкіндіктерін, қабілеттерін, қызығушылықтарын анықтау процесі. Бұл процесс балаға өзіндік «менін» қалыптастыруға көмектеседі. Ата-ана баласына өз қызығушылықтарын дамытуға, өз қабілеттерін ашуға мүмкіндік беруі қажет. Бұл орайда, баланың мүддесін ескере отырып, оның дамуына қолдау көрсету маңызды. Өзін-өзі тану арқылы бала өз өміріне, болашағына деген сенімділік қалыптастырады, өзінің мақсатына жету жолында аянбай еңбек етеді.

Өмірлік мақсаттарды анықтау – бұл баланың болашағына бағыт-бағдар беру. Бұл процессте ата-ана баланың қабілеттерін, қызығушылықтарын ескеріп, оған дұрыс бағыт беруі керек. Баланың өмірде өз орнын табуына, болашақта өз ісін сүйетін, қоғамға пайдалы азамат болып қалыптасуына ықпал ету – ата-ананың ең басты міндеті. Бұл ретте балаға өз мақсаттарын анықтауға, оларды жүзеге асыру жолында табандылық танытуға көмектесу маңызды. Өмірлік мақсаттарын анықтаған бала болашаққа сенімді қадам жасайды, өз мүмкіндіктерін толық пайдалана алады.

Қазіргі қоғамдағы балалар тәрбиесі: Жаңа сынақтар мен мүмкіндіктер

XXI ғасырдағы балалардың өмірі бұрынғы замандарға қарағанда мүлдем өзгеше. Бүгінгі қоғамда технологиялар үлкен рөл атқарады, ал балалардың цифрлық әлемге деген қызығушылығы артып келеді. Бұл жағдай ата-

аналар мен тәрбиешілер үшін жаңа сынақтарды туындатады. Бала цифрлық әлемнің мүмкіндіктерін тиімді пайдаланып, сонымен қатар оның қауіптерінен сақтануы керек.

Ақпараттық технологиялар білім беру, қарым-қатынас, шығармашылық даму үшін үлкен мүмкіндік береді. Дегенмен, интернеттің шексіз ақпарат ағыны арасында балаға кері әсер ететін

контенттің де көп екендігін ескерген жөн. Ата-ана балаға цифрлық мәдениетті үйретіп, оны саналы түрде пайдалану жолдарын көрсетуі қажет. Мысалы, интернеттен пайдалы ақпарат алу, өз уақытын тиімді пайдалану, зиянды контенттен сақтану сияқты мәселелерді түсіндіру маңызды.

Әлеуметтік желілер қазіргі балалардың өмірінде маңызды орын алады. Олар балаға өз-өзін таныту, қызығушылықтары мен қабілеттерін көрсету үшін үлкен мүмкіндік береді. Дегенмен, әлеуметтік желілерде баланың өзін-өзі салыстыруы, шындыққа сай келмейтін ақпараттарға сенуі, өзін-өзі бағалаудың төмендеуі сияқты қауіпті жағдайлар туындауы мүмкін.

Ата-ана балаға әлеуметтік желілерде өзін-өзі дұрыс таныту, ақпаратты сын тұрғысынан қарау, жеке басын қорғау тәсілдерін үйретуі тиіс. Баланың әлеуметтік желілерде өз қабілеттерін дамытуына, жаңа нәрселерді үйренуіне жағдай жасап, оны қолдап отыру маңызды. Бірақ, бұл ретте ата-ана баланың интернетте өткізетін уақытын бақылап, оның нақты өмірмен байланысын жоғалтпауын қадағалауы керек.

Қазіргі қоғамда білім беру жүйесі де өзгеріп келеді. Балалардың білім алуында жаңа әдістер мен технологиялар кеңінен қолданылады. Бұл орайда ата-аналар мен ұстаздардың міндеті – баланың білімге деген қызығушылығын арттырып, оның шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін дамыту.

Бүгінгі мектептерде тек теориялық білім беру ғана емес, баланың тұлғалық қасиеттерін дамыту, оны қоғамға пайдалы азамат ретінде тәрбиелеу мақсаты алға қойылған. Ата-аналар бұл процессте баланы қолдап, оның оқуға деген ынтасын қолдауы тиіс. Сонымен қатар, баланың мектептен тыс уақыттағы дамуына да назар аударып, оны қосымша білім алу, шығармашылық немесе спорттық секциялар арқылы жан-жақты дамыту қажет.

Баланың эмоционалдық дамуы

Баланың эмоционалдық дамуы оның тұлға болып қалыптасуында маңызды рөл атқарады. Эмоционалдық интеллект – бұл баланың өз сезімдерін түсіну, оларды басқара білу, басқа адамдардың

эмоцияларын түсіну қабілеті. Бұл қасиеттер баланың өмірдегі түрлі жағдайларда дұрыс шешім қабылдауына, өзгелермен тиімді қарым-қатынас орнатуына көмектеседі.

Эмоционалдық интеллектті дамыту үшін балаға өз сезімдерін білдіруді үйрету керек. Ата-ана балаға оның сезімдерін түсініп, қабылдау керектігін көрсетуі тиіс. Сонымен қатар,

баланың өзгелердің сезімдерін түсінуіне, олармен эмпатия орнатуына көмектесу қажет. Бұл үшін ата-ана өз мысалында баласына үлгі болуы керек, сондай-ақ эмоцияларды дұрыс басқару жолдарын үйретуі керек.

Қазіргі заманда балаға психологиялық қолдау көрсету өте маңызды. Балаларға өмірде кездесетін қиындықтарды еңсеру үшін ата-ананың, ұстаздардың, достарының қолдауы қажет. Ата-ана баласына әрдайым қолдау көрсетіп, оның жан дүниесін түсініп, оған эмоционалдық қолдау көрсетіп отыруы тиіс.

Балаға өз ойын ашық айтуға мүмкіндік беру, оның проблемаларын тыңдап, шешім қабылдауға көмектесу – бұл балаға өз-өзіне сенімді болуға, өмірдің қиындықтарына төтеп беруге үйретеді. Сонымен қатар, ата-ана баласының эмоционалдық жағдайын тұрақты бақылап, оған қажет болған жағдайда кәсіби көмек көрсетуді ұйымдастыруы қажет.

Әрбір бала ерекше және оның өзіне тән қабілеттері мен қызығушылықтары бар. Ата-ана баласының шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған тәрбие беріп, оны әртүрлі салада өзін-өзі көрсетуге ынталандыруы тиіс. Бұл үшін балаға өз қызығушылықтары бойынша шығармашылық секцияларға қатысуға, өнермен, спортпен айналысуға мүмкіндік беру керек.

Шығармашылық қабілеттерді дамыту балаға жаңа нәрселерді үйренуге, өзін-өзі танытуға, өз ойларын еркін білдіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл баланың сыни ойлауын, шығармашылық қабілеттерін дамытып, оның өзін-өзі бағалауын арттырады.

Баланың тәрбиесі – ата-ана, мектеп және қоғамның ортақ міндеті. Дұрыс тәрбие беру арқылы біз болашақ ұрпақты саналы, жауапты, адал азаматтар етіп өсіреміз. Тәрбие берудің негізінде баланың ішкі әлемін, оның жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оған дұрыс бағыт беру жатыр. Тек осылайша біз қоғамға пайдасын тигізетін, өз өмірін саналы түрде құра білетін, тұлға болып қалыптасқан ұрпақ тәрбиелей аламыз.

Өз тілшіміз.

14 августа – День памяти

Как вырастить полноценную личность в казахстанских семьях?

Воспитание детей - дело не из легких. Еще бы, это ведь нужно вырастить полноценную и самостоятельную личность, уважающую своих родителей и окружающих людей.

Начнем с того, что раньше ни одна семья не представляла своего счастья без детей. Об этом свидетельствует традиция, по которой каждый, кто узнавал о рождении ребенка, спешил первым оповестить родных и близких криком «суюнши» (известие). Все сразу понимали, что он пришел с добрыми известиями и за это давали подарок.

Если появление ребенка на свет совпадало с окотом домашних животных, то родившегося в это время жеребенка или верблюжонка (его называли «басире») дарили новорожденному. По поверью, будущее малыша было тесно связано с подаренным ему животным. Поэтому к басире относились с особым вниманием, берегли и не позволяли ездить на нем верхом или использовать, как тяговое животное. И главное - басире ни при каких обстоятельствах не резали и не продавали. Считалось, что ребенок, взрослеющий вместе со своим жеребенком или верблюжонком, с раннего возраста научится беречь и ценить домашний скот (главное богатство казахов) и чужую жизнь. Таким образом у малыша повышался уровень ответственности и любовь ко всему живому.

Уточним, что традиция с басире относилась как к мальчикам, так и к девочкам, она не несла половой специфики, впрочем, как и большинство других казахских обрядов для детей до 5-6-летнего возраста.

Только в годовалом возрасте первые половые различия детей фиксировались в прическе. Свообразный хохолок на головах казахских ребятишек, в прошлом часто вызывавший улыбку у путешественников, был призван служить оберегом от сглаза. Прядь волос, которую при стрижке оставляли у мальчиков на макушке, называли айдар. Девочкам же отращивали тулым - две пряди в области висков, которые позже вплетались в косы. В прежние времена казахи не стригли волосы детям до исполнения 4-5 лет, а первой стрижке придавали особое значение. По этому случаю устраивали специальное празднество - шаш алу. Для этого приглашали всех взрослых мужчин аула и самый старший из них первым срезал прядь волос с головы малыша. При этом аксакал произносил пожелание: «Жасын узак болсын!» (Долгих лет жизни!). После этого он передавал ребенка другому и каждый присутствующий проделав тоже самое, одаривал виновника торжества деньгами или сладостями.

Вообще, детей в казахских семьях часто одаривали сладостями, потому как до 5 лет у них был период «вседозволенности». До этого возраста с ребенком обращались, «как с королем», с 6 до 15 лет - «как с рабом», а после 15 - «как с равным». Кстати, такой же принцип воспитания с древних времен существует в японских семьях, отличие в том, что казахи

редко наказывали детей не только в младенчестве, но и в более позднем возрасте. Мировоззрение нашего народа не позволяло использовать методы телесных наказаний, приносящих боль. По этому поводу исследователи, говоря о любви к детям у казахского народа, писали: «Кыргызы (так раньше называли казахов - прим. ред.) с младых лет не наказывают детей. Даже когда дети становились подростками, их не били, а успокаивали словами «Получишь у меня!».

Примерно в 5-летнем возрасте казахским мальчикам перед обрезанием окончательно состригали айдар. После совершения обряда он становился не просто членом религиозной общины, но и переходил в следующую возрастную группу. Мальчишек приобщали к труду: обучали присматривать за ягнятами, готовить дрова, плести узды, плети, шидер, выделывать кожу, строить кошару и мастерству верховой езды.

Последнее - было особо важным навыком, потому как умение держаться в седле являлось одним из главных условий выживания в степи. Обряд первой посадки ребенка в седло назывался ашамайга мингизу. Ашамай - это специальное детское седло безопасной конструкции, чтобы он не мог случайно свалиться с коня. Стременами ребенку служили мешочки, сшитые наподобие переметной сумки - хурджуна. В них засовывали ножки малыша. Первую ритуальную посадку на ашамай осуществлял аксакал аула с пожеланиями стать прекрасным наездником, прожить счастливую и долгую жизнь. После получения бата родители новоявленного наездника на радостях, что их ребенок впервые сел верхом на коня, устраивали праздник.

Опять-таки, заметьте, все, что касается верховой езды относилось и к девочкам. В 7-8 лет девочки впервые надевали простенькие украшения - сережки и плоские браслеты, начинали носить девичий головной убор - круглую шапочку, часто украшенную перьями филина, - такая, теплеч, кепеш - или теплую шапку с меховой опушкой - борик.

В конце XIX века получило распространение девичье платье, украшенное оборками. Часто такие платья украшались вышивками, располагающимися на оборках или прикрывающими швы. Каждая девочка имела расшитые и украшенные позументом, монетами и вышивками камзол и безрукавку. Кстати, в 7-8 лет им переставали брить голову и начинали отращивать волосы, а тулым вплетали в косички. Момент первого заплетания кос девочке имел особое значение. По этому поводу устраивали небольшое угощение, а первый раз заплести волосы в косы просили добрую, многодетную женщину, славившуюся своим мастерством в ведении хозяйства и в домашних ремеслах.

Интересно, что все взрослые в аулах всегда принимали участие в воспитании чужих детей. Если они видели грубое, дерзкое поведение, то имели право

остановить ребенка, поругать или объяснить, что так делать нельзя.

Но, конечно, наибольшее влияние традиционно играло старшее поколение - бабушка и дедушка со стороны отца. Именно старики являлись хранителями традиций семьи, они старались передать их молодому поколению. Старшие женщины семьи (бабушка, пожилые родственницы, чаще - вдова умершего брата или дяди главы семьи), уже не принимавшие активного участия в хозяйственных работах, отдавая все свое свободное время подрастающим детям. Если женщины играли ведущую роль при воспитании мальчиков только до 5-6-летнего возраста, то при воспитании девочек ведущая роль старших женщин сохранялась до момента вступления девушек в брак. Первенцы в семье считались детьми свекра и свекрови. Усыновленные таким образом дети становились любимчиками бабушки и дедушки. Девочек баловали не меньше, чем мальчиков, а иногда и больше: нередко именно бабушка выступала инициатором освобождения девочки от тяжелых домашних работ, считая, что за свою будущую жизнь у свекрови девочка еще заработает и никто не знает, как сложатся ее отношения с родственниками мужа.

В 13-15 лет дети считались совершеннолетними, допускались к общественным собраниям, активно участвовали в хозяйственной и производственной деятельности. В этом проявлялось внимание к возрастным особенностям ребенка.

Исследователи считают, что наши предки были заботливыми и нежными родители, а казахские дети - скромными, вежливыми, учтивыми. Дело в том, что родители не только предостерегали ребенка от совершения тех или иных действий, но и обязательно объясняли причины своего запрета. Такой подход позволял ребенку не забывать о нем и не совершать подобного вновь. Например, существовал (и существует) правило - не пересекать путь старшего. Издревле он имеет в основе две причины: первая - это признак невоспитанности и неучтивости, вторая - пересечение пути старшего означало забрать у него удачу на этом пути, из-за чего он мог тяжело переживать сей проступок ребенка и выражать свое недовольство. А получить благословение старшего для молодежи играло очень важную роль. Были и другие суеверия, которые способствовали контролю жизненного пути молодежи и требованию от нее правильно, сформированного на основе древних традиций поведения.

на обеих ногах, поджатых в сторону. Закидывать ногу на ногу считалось неприличным. Согласно этикету, нельзя было нагибаться, поворачиваясь спиной к мужчине. Если нужно было что-то поднять, вначале женщина приседала, брала вещь, а затем выпрямлялась. Также нельзя было охватывать колени сцепленными пальцами рук. Верили, что в будущем это могло привести к одиночеству. Также существовало правило с положением рук. Запрещалось упираться ими в бока и класть их на голову, так как это было траурной позой. Нельзя подпирать голову рукой – согласно поверью, это могло привести к печали.

Также нельзя сидеть спиной к старшему и громко зевать, глядя на людей. Считалось, что в это время можно «глотнуть» отрицательную энергию. За девушками должны были присматривать снохи. Помимо наставлений и замечаний, казахи придерживались разных суеверий и примет. Чтобы дочь была необидчивой, ей не давали есть легкое животного (слово «Әкпе» имеет два значения – «обида» и «легкое животного»). А чтобы девочка не выросла легкомысленной и неусидчивой, ей не давали мясо с копчиковой кости. Девочки всегда находились на левой, материнской половине юрты. Девушки же могли бывать и на правой, мужской стороне. Дочерям на выданье полагалось сидеть за столом выше снох и даже старших братьев. О них так и говорили: «Қыз қонақ» (Девушка в доме гостя), «Оң жақта отырған қыз» (Сидящая в правой стороне).

Наглядный пример поведения девушки описан в книге «Мен әкемнің тұңғышы едім» («Я была первенцем отца») дочери великого писателя Мухтара Ауэзова. Со слов своей матери Райхан, Мугамила Мухтарқызы написала, как ее отец впервые приехал в дом своей будущей жены:

«В 1916 году отец приехал из Семей на каникулы в аул. Тураш ага (сын поэта Абая – Б. О.) ему сказал: «Недалеко отсюда живет мой друг Какен. У него есть шесть сыновей, а у них есть единственная сестра лет 15-16. Но ее не пускают на молодежные посиделки. Стараются, чтобы людям на глаза не попадалась. Если она тебе понравится, я готов помочь тебе жениться на ней.

баурсаки. Дети плачут без присмотра. Может еркем (милая) нам поможет?».

В те времена, когда девушка на выданье накрывала дастархан для гостей, все должно было быть новым. Оказывается, посуда, приготовленная для приданого, находилась в отдельном асадал (шкаф). Мать девушки дала разрешение: «Хорошо, ключи находятся у нее самой, пусть использует по своему смотрению».

По правилам того времени, девушка должна была ходить учтиво, медленной поступью – так, чтобы шолпы-подвески на косах не звенели громко. Когда Райхан, не поднимая глаз на гостей, молча накрывала дастархан, джигиты были восхищены ее поведением, никто из них не посмел посмотреть на нее открытым взглядом. Чтобы заговорить с девушкой, нужно было проявить «охотничью» находчивость. И тут один джигит заметил, что на кереге (решетчатая стенка юрты) висят красивые нитки золотистого оттенка, изготовленные из шерсти верблюжонка. Такие обычно предназначались для шитья шекпен (халат). Желая, во что бы то ни стало, услышать голос девушки, один из джигитов произнес:

– Вот это да! Какие же они красивые и мягкие, эти нитки! Как вы думаете, если попросим вашу мать продать нам их, она согласится?

– Не знаю, вряд ли. Это для братьев приготовлено. Мама не продаст, – очень тихим голосом ответила девушка.

Тогда джигит сказал:

– Почему же не согласится, если мы дадим хорошую цену?

Он имел в виду, что родители согласятся ее выдать замуж, если дадут богатый калым. Но девушка промолчала, ничего не ответив. Не только внешний вид, но и учтивость девушки очень понравились тогда еще 20-летнему будущему великому писателю. Вскоре они поженились.

Одним словом, девушка должна быть вежливой, приветливой, в меру общительной, сдержанной, улыбчивой и радушно принимать гостей. Таковы правила казахской этики.

Ақпараттық қауіпсіздік: Цифрлық әлемдегі басты қорғаныс қабаты

Цифрлық технологиялар бүгінгі қоғамның ажырамас бөлігіне айналды. Интернет пен жаңа технологиялардың мүмкіндіктері өмірімізді жеңілдетіп, көптеген процестерді автоматтандырағанымен, ақпараттық қауіпсіздік мәселесін күн тәртібінен түсірмей отыр. Ақпараттың қолжетімділігі мен ашықтығы артқан сайын, деректерді қорғау, оларды қауіпсіз сақтау маңыздылығы да күшейе түсті. Ақпараттық қауіпсіздік қазіргі заманның ең өзекті мәселелерінің бірі ретінде танылып, әрбір ұйым мен жеке тұлғаның назарында болуы тиіс.

Ақпараттық қауіпсіздіктің мәні мен маңызы

Ақпараттық қауіпсіздік – бұл кез келген ақпаратты рұқсатсыз қолжетімділіктен, бұрмалаудан, жоғалтудан немесе жойылудан қорғауға бағытталған кешенді шаралар жүйесі. Бұл тек құпия ақпаратқа қатысты емес, кез келген деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін маңызды. Бүгінгі күні деректердің әртүрлі формада сақталатыны белгілі: құжаттар, фотосуреттер, бейнелер, электрондық пошта хаттары және басқалар. Бұл ақпараттың барлығы цифрлық ортада сақталады, сондықтан олардың қорғанысы басты мәселелердің бірі болып табылады.

Ақпараттық қауіпсіздік тек IT саласына тән ұғым емес. Ол барлық салаларға қатысты. Банктік операциялардан бастап, денсаулық сақтау жүйесіне дейін, барлық жерде деректерді қорғау басты орында. Жеке деректердің жоғалуы немесе рұқсатсыз қолжетімділікке ұшырауы жеке тұлғаларға ғана емес, компаниялар мен мемлекеттік құрылымдарға да үлкен зиян келтіруі мүмкін. Осыған байланысты, ақпараттық қауіпсіздікке ерекше көңіл бөлу керек.

Ақпараттық қауіпсіздік қағидаттары

Ақпараттық қауіпсіздік негізінде бірнеше негізгі қағидаттар жатыр. Олар ақпаратты қорғаудағы басты бағыттарды анықтайды:

1. Құпиялылық (Confidentiality): Ақпарат тек рұқсат етілген тұлғаларға ғана қолжетімді болуы тиіс. Бұл құпия деректердің үшінші тұлғалардан қорғалуын қамтамасыз етеді.
2. Тұтастық (Integrity): Ақпарат өзгертілмеуі тиіс, яғни оның толықтығы мен дұрыстығы сақталуы қажет. Бұл қағидат деректердің өзгеріске ұшырамауын қамтамасыз етеді.
3. Қолжетімділік (Availability): Ақпарат қажет болған кезде қолжетімді болуы керек. Яғни, ақпарат сақталған жерде немесе тасымалдау барысында қолжетімділікке шектеу қойылмауы тиіс.

Қауіптер және олардан қорғау әдістері

Ақпараттық қауіпсіздікке қауіп төндіретін факторлар өте көп. Олар түрлі тәсілдермен жүзеге асырылады.

Мысалы, кибершабуылдар, вирус пен зиянды бағдарламалар, фишинг шабуылдары, әлеуметтік инженерия әдістері арқылы рұқсатсыз қолжетімділікке ұмтылатындар көп. Сонымен қатар, ақпараттық жүйелердің ішкі осалдықтары да қауіпті арттырады.

Вирустар мен зиянды бағдарламалар ақпараттық қауіпсіздікке үлкен зиян келтіреді. Олар ақпаратты ұрлап, жүйелерді бұзуға қабілетті. Вирусқа қарсы бағдарламалар мен қауіпсіздік қабаттары бұл қауіп-қатерлерден қорғандың ең тиімді жолдары болып табылады.

Фишинг шабуылдары – бұл пайдаланушыларды алдап, олардың құпия ақпараттарын, мысалы, банк картасының деректемелері немесе құпиясөздерін алуға бағытталған шабуылдар. Мұндай шабуылдардан қорғану үшін сақтық шараларын қатаң сақтау және күмәнді хаттар мен сайттарға кірмеу керек.

Әлеуметтік инженерия – адамдарды алдап, ақпарат алу әдісі. Бұл жерде адамның психологиясына әсер ету арқылы, қажетті ақпаратты алу көзделеді. Мұндай қауіп-қатерден қорғану үшін ақпаратпен жұмыс істейтін адамдарға арнайы оқыту және тренингтер өткізу қажет.

Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолдары

Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін көптеген шаралар қолданылуы керек. Олардың қатарына мыналар жатады:

1. Құпиясөздерді қорғау: Күрделі құпиясөздер қолдану, оларды жиі ауыстыру және ешкіммен бөліспеу маңызды.
2. Екі факторлы аутентификация (2FA): Құпиясөзге қосымша қорғау қабатын қосу, мысалы, SMS арқылы растау немесе арнайы қосымшалар арқылы аутентификация жүргізу.
3. Вирустарға қарсы бағдарламалар: Жүйені вирустар мен зиянды бағдарламалардан қорғау үшін антивирус бағдарламаларын пайдалану және оларды үнемі жаңартып отыру.
4. Шифрлау: Ақпараттың тұтастығын сақтау және оның рұқсатсыз қолжетімділігін болдырмау үшін шифрлау әдістерін қолдану.
5. Желілік қауіпсіздік: Желілік қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін брандмауэрлерді (firewall), VPN және басқа да қорғау құралдарын пайдалану.

Ақпараттық қауіпсіздік бүгінгі цифрлық әлемде басты орын алатын маңызды аспект. Бұл тек технологиялар әлемінің мәселесі емес, ол біздің жеке өміріміздің, кәсіпкерлік қызметіміздің, мемлекеттік басқару жүйесінің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің қажетті шарты. Ақпараттық қауіпсіздікке көңіл бөлу, оны қамтамасыз ету жолдарын жетілдіру – әрбір ұйымның және жеке тұлғаның міндеті. Тек осылайша біз өзімізді және өзіміздің ақпараттарымызды қорғауға қабілетті боламыз.

Алақол ақпарат.



Киберқорғаныс: Заманауи әлемдегі қауіпсіздіктің маңызды аспектісі

Жаһандану мен цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы бізге көптеген мүмкіндіктер ашқанымен, киберқауіпсіздік мәселесі күн сайын өзекті бола түсуде. Бүгінгі күні кибершабуылдар жеке тұлғалардан бастап, ірі корпорациялар мен үкіметтік ұйымдарға дейінгі барлық деңгейде орын алып, экономикалық шығындарға, беделге нұқсан келтіріп, кейде тіпті ұлттық қауіпсіздікке де қауіп төндіруде. Киберқорғаныс – бұл заман талабына сай, әрбір ұйымның және жеке тұлғаның қауіпсіздігін қамтамасыз етудің ең маңызды аспектілерінің бірі.

Кибершабуылдардың өсіп келе жатқан қауіп-қатері

Киберқылмыс әлемі үздіксіз дамып, жаңа әдіс-тәсілдермен толықтырылып отырады. Соңғы жылдары кибершабуылдардың саны күрт артып, олардың күрделілігі де жоғарылаған. Хакерлер қарапайым фишинг шабуылдарынан бастап, күрделі және бағытталған шабуылдарға дейін, әртүрлі тәсілдерді қолдануда. Олар ұйымдардың жүйелеріне еніп, құнды ақпараттарды ұрлау, жүйелерді бұзу немесе оларды құлыптап, төлем талап ету секілді әрекеттерге барады. Бұл жағдайлар киберқауіпсіздік шараларын қатаңдатуға және оларды үнемі жетілдірудің қажеттілігін арттыруда.

Киберқорғаныс – тек IT мамандарының емес, барлық қызметкерлердің міндеті

Киберқорғаныс мәселесі тек IT департаментіне қатысты емес, ол ұйымның барлық деңгейлеріне қатысты. Көптеген кибершабуылдар қызметкерлердің бей-қамдығынан немесе компьютерлік жүйелерді дұрыс пайдаланбауынан орын алады. Сондықтан, ұйымдар өз қызметкерлерін киберқауіпсіздік бойынша оқытуға және оларды ақпараттық қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауға ынталандыруға тиіс.

Қызметкерлерге парольдермен жұмыс істеудің дұрыс тәсілдерін, күдікті электрондық хаттарды тану және оларды ашпау, қоғамдық Wi-Fi желілерін пайдаланбау сияқты қарапайым, бірақ маңызды ережелерді үйрету кибершабуылдардың алдын алу үшін өте маңызды. Сонымен

қатар, ұйымның қауіпсіздік саясатын үнемі жаңартып, қызметкерлерге ескертіп отыру қажет.

Заманауи киберқауіпсіздік шешімдері

Кибершабуылдарға қарсы тұру үшін ұйымдар заманауи қауіпсіздік шешімдерін пайдалану керек. Бұл шешімдерге кіруді басқару жүйелері, желілік қауіпсіздік құралдары, деректерді шифрлау, антивирус бағдарламалары, қауіпсіздік ақпараттары мен оқиғаларды басқару (SIEM) жүйелері кіреді.

Бұл құралдар ұйымдарға күдікті әрекеттерді анықтап, дер кезінде әрекет етуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ұйымдарда үнемі киберқауіпсіздік аудитін жүргізу, осалдықтарды анықтап, оларды жою маңызды. Бұл шаралар хакерлердің жүйеге енуіне жол бермей, құнды ақпараттарды қорғауға көмектеседі.

Киберқорғаныс саласындағы ынтымақтастықтың маңызы

Киберқауіпсіздік саласындағы табысты қорғаныс тек бір ұйымның күш-жігерімен шектелмейді. Бұл салада халықаралық және аймақтық деңгейде ынтымақтастық орнату маңызды. Ұйымдар, үкіметтер және жеке сектор өкілдері арасында ақпарат алмасу, бірлескен қауіпсіздік шараларын іске асыру кибершабуылдардың алдын алу және оларды тезірек анықтап, әрекет ету мүмкіндіктерін арттырады.

Сонымен қатар, киберқорғаныс саласындағы инновациялар мен ғылыми-зерттеулерге инвестиция салу да өте маңызды. Жаңа технологиялар мен әдістерді дамыту киберқауіптерге қарсы тұруда маңызды рөл атқарады.

Қорытынды

Киберқорғаныс – бүгінгі заманның ең маңызды аспектілерінің бірі. Технологиялардың дамуы мен оларды пайдаланудың кеңеюі киберқауіпсіздік мәселесін бұрынғыдан да күрделендіре түсті. Сондықтан ұйымдар мен жеке тұлғалар кибершабуылдарға дайын болу үшін өздерінің қауіпсіздік шараларын үнемі жетілдіріп, киберқорғанысқа мән беруі керек. Тек осылайша біз цифрлық әлемде өзімізді және өзіміздің мәліметтерімізді қауіпсіз ете аламыз.

А.СҮЛЕЙМЕН.

В рамках половой грамотности в Казахстане



По статистике Минздрава ежегодно прерывают беременность до 1300 девочек-подростков. При этом минимальный возраст юных мам в Казахстане составляет 13 лет. Поэтому специалисты предлагают рассказывать детям о данной теме уже с третьего класса. По словам экспертов, половое воспитание нужно для профилактики ранних беременностей и заболеваний, передающихся половым путем.

Сейчас Кодекс о здоровье находится на обсуждении в парламенте. По этому поводу Карлыгаш Кабатова, независимый исследователь и автор просветительского проекта для подростков и родителей UyatEmes.kz, поделилась на странице своего аккаунта в Facebook результатами личного исследования, содержащего рекомендации по системе полового просвещения Казахстана. Так что же казахстанские подростки знают о сексе и репродуктивном здоровье и почему при разработке образовательной программы нужно учитывать менталитет?

По данным общественного фонда «Аман-саулык», около 20 тысяч казахстанцев репродуктивного возраста не могут иметь детей. Главная причина этого — аборт или последствия болезней, передающихся половым путем. Главная причина аборта и прочих осложнений — незащищенный секс.

Как заключают гинекологи, если беременность наступает у девочки в 15-летнем возрасте, то у нее в 20 раз выше риск материнской смертности, чем у женщины в более старшем возрасте. Рассказать правду родителям решаются немногие. Да и сами взрослые предпочитают обходить интимную тему стороной, говорят эксперты. По действующему закону, получить медпомощь беременный подросток не имеет права без присутствия родителей. В связи с этим возрастает количество криминальных абортов. При этом нежелательная ранняя беременность приводит не только к проблемам со здоровьем, но и нередко к суициду. Поэтому внедрять уроки просвещения на столь щепетильную тему необходимо еще в школе. И как пояснил президент Казахстанской ассоциации репродуктивной медицины Вячеслав Локшин, не только на уровне анатомии восьмого класса: «Делать это нужно раньше, очень аккуратно, начиная с третьего-четвертого класса. Эта тема не должна быть закрыта».

Изначально в Минздраве РК выступали за легализацию абортов среди подростков от 16 до 18 лет без присутствия родителей, но общественность выступила против. Теперь в об-

суждаемом Кодексе о здоровье предложили разрешить несовершеннолетним получать консультацию врача анонимно.

«Консенсус, к которому мы пришли, говорит о том, что дети могут обращаться в медучреждения и получать консультации. То есть их могут обследовать, предоставлять им лечебные услуги, могут рекомендовать лекарства за исключением хирургических вмешательств, в том числе прерывание беременности. Эти случаи только с разрешения родителей либо с 18 лет», — заявил Министр здравоохранения РК Елжан Биртанов.

Функцию полового воспитания по идее должны брать на себя семья и школа. В Казахстане же оба этих института в основном хранят целомудренное молчание по поводу этого важного вопроса. Во многих семьях тему секса жестко табуируют.

В Казахстане только треть родителей разговаривают со своими детьми на эту тему. Как шутили прежде в странах бывшего Союза, секса у нас нет! Но после распада СССР ситуация изменилась. Вопрос сексуального просвещения стал вполне легитимным.

Как вспоминают школьники, росшие в середине 90-х, были времена, когда в казахстанских школах преподавали специальный урок с латинским названием «валеология». По рассказам бывших слушателей этого школьного курса, на этих уроках им подробно объясняли, зачем нужны контрацептивы, что такое СПИД и даже намекали, что существуют нетрадиционные формы сексуальности. Этот курс был популярен в учебных учреждениях вплоть до начала «нулевых». Потом валеологию в школах стали преподавать все реже и в конце концов она незаметно исчезла.

Однако в 2012 — 2015 годах валеология вернулась в казахстанские школы. Обучение проходили студенты первых курсов колледжей — подростки в возрасте 15-16 лет. Тем не менее новая попытка не увенчалась успехом, так как зачастую эти уроки проводили люди далекие от этого предмета, учителя биологии, физики или литературы. Как вспоминают бывшие выпускники «экспериментальных» учреждений, уроки часто проводили люди старой закалки, у которых слово «контрацептив» вызывало «дрожь и трепет». По мнению психологов, такие уроки не только не дают полового воспитания, но и ухудшают ситуацию. После подобных уроков молодежь делает вывод, что говорить со взрослыми на эту тему бесполезно.

Таким образом, сегодня мы имеем вышеприведенную статистику. В то же время, пока эксперты утверждают, что возродить половое воспитание на должном

уровне необходимо, казахстанские родители считают, что излишняя просвещенность приведет их детей к раннему началу половой жизни и распущенности.

О том, нужно ли детям половое воспитание и главное — кто им должен заниматься, родители имеют разное мнение. По статистике большинство все-таки склоняются к тому, что уроки «про это» детям нужны, вот только в какой форме должны проходить занятия, с какого возраста и всегда ли лучше доверить этот вопрос школьным педагогам часто вызывает разногласия. А как половое воспитание проходит в других странах?

Страна, которая является лидером по минимальному количеству подростковой беременности — Швеция. Уроки полового воспитания там являются частью школьной программы с 1955 года. Большую часть информации «об этом» дети узнают на уроках. Причем им рассказывают не только о методах контрацепции, но и о представителях ЛГБТ-сообществ и учат толерантному отношению к ним. Открыто обсуждают со школьниками и серьезные темы, к примеру, как фильмы для взрослых влияют на формирование психики.

В школах США половое воспитание также преподают. Но в отличие от предыдущих стран в разных уголках Америки к урокам полового воспитания относятся по-разному. В основном на уроках рассказывают о базовых вещах: контрацепции, нежелательной беременности, половых инфекциях. Правда, такие уроки необязательны, поэтому дети их часто игнорируют. К тому же в Штатах большое количество религиозных общин, и в основном родители, состоящие в них, относятся к проведению таких уроков отрицательно. Надо понимать, именно от школы зависит то, чему будут обучать детей. В одних учреждениях учащиеся получают полную информацию, в других им просто твердят, что вступать в половые связи до брака нельзя. Почему — не уточняют. Исходя из этого США лидируют по количеству беременностей среди подростков.

Если говорить о Китае, то в

этой стране половым воспитанием детей практически не занимаются. Согласно исследованиям, жители КНР в этом вопросе занимаются «самообразованием», просматривая порнографию.

В поисках здравого смысла Так какая же система полового просвещения подходит Казахстану? После того как представители здравоохранения высказались о важности полового просвещения, Карлыгаш Кабатова, независимый исследователь и автор просветительского проекта для подростков и родителей UyatEmes.kz, на своей странице в Facebook опубликовала исследование с рекомендациями по системе полового просвещения Казахстана. В своем исследовании она выделила главу, в которой представлены ответы, демонстрирующие неосведомленность подростков в устройстве собственного организма и защите репродуктивного здоровья. К примеру, некоторые подростки убеждены, что защитить себя от болезней, передающихся половым путем, можно с помощью антибактериального спрея.

Старшие родственники намеками предупреждают детей, чтобы те были ответственными, «хорошо себя вели», «не позорили семью». На попытки провести с ребенком просветительскую беседу некоторые взрослые встречают словами: «Зачем говорить ребенку такие вещи?». В зависимости от степени консервативности взглядов родителей половое просвещение часто приравнивают исключительно к пропаганде воздержания от сексуальной активности до брака.

Согласно исследованию Карлыгаш Кабатовой, часто сопротивление общества прогрессивным переменам оправдывают наличием у этого общества определенного менталитета. В Казахстане табуированность темы сексуально-репродуктивного здоровья и противостояние инициативам по половому просвещению молодежи также объясняют менталитетом: «У нас так не принято». Эксперт по вопросам демографии и народонаселения Аида Альжанова считает — то, что приемлемо или неприемле-

мо в обществе, можно изменить. Она уверена: «Менталитета нет, есть некий набор привычек... Ученые пришли к выводу, что изменить привычку нельзя, но можно заменить ее новой. Для этого нужно выработать новые нейронные связи. Именно поэтому важно бесконечное повторение одного и того же». Следовательно, чтобы снизить уровень отторжения обществом идеи полового просвещения молодежи, следует чаще поднимать эту тему. Но в целом, как говорится в исследовании, первый шаг в сторону полового просвещения казахстанцев сделан.

Летом 2019 года Национальная академия образования имени Ибрая Алтынсарина собрала некоторое количество педагогов и руководителей школ из разных областей Казахстана, а ЮНФПА провел для них тренинг. Ожидают, что далее учителя будут осуществлять половое просвещение в своих школах. Академия приняла решение дать школам свободу в разработке методологии и реализации полового просвещения, обеспечив их ресурсными материалами, разработанными ЮНФПА. Поскольку школы лучше понимают свой контекст и компетентны в разработке методологии, «приходить к ним с готовыми рецептами» считалось нецелесообразным. Академия планирует получить наработки учителей и на их основе внедрить обучение по репродуктивному здоровью в школы.

Такое видение переключается с подходом к внедрению полового просвещения в школах Великобритании. Министерство образования гибко подходит к вопросу, позволяя всем школам страны внедрять половое просвещение так, как они считают правильным, учитывая культуру, религиозные особенности и прочие индивидуальные потребности каждой школы при разработке учебного плана. Если введение полового образования в Казахстане пройдет, учитывая эти особенности, то существует возможность, что оно приживется.

Таким образом, можно бесконечно спорить о «распущенности» современной молодежи и отрицать естественный интерес подростков друг к другу, к своему меняющемуся телу, к изучению и познанию мира через опыт. Но нельзя отказывать им в праве взрослеть, и наша ответственность как представителей общества — помочь им сделать это с наименьшими потерями для себя.

Ш. АСИНА
(использована аннотация UyatEmes.kz)

Сабақ кестесіне қойылатын талаптар

Оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру ең алдымен, оқу процесінде жүзеге асырылады. Яғни, мектептерде әр оқу тоқсанында немесе оқудың жартыжылдығында күндер мен апталар бойынша оқу кестесі құрылады. Мектепте оқушылардың сабақ кестесі күн тәртібіне сәйкес болуы қажет, ал оқу процесін ұйымдастыру барысында оқушы денсаулығы барынша ескерілуі тиіс және демалу кезеңімен алмастырып отыру, оқушылардың денсаулығына мол әсер етеді. Оқушының тез шаршауы, үлгермеуі, берілген тапсырманың кең көлемде болуынан байқалады. Осыған орай, сабақ кестесін құру барысында негізгі гигиеналық талаптар ескерілуі тиіс.

Сабақ кестесіне қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДСМ-76 юйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына сәйкес регламенттеледі. Жалпы

білім беретін ұйымдағы сабақтың ұзақтығы 45 минуттан аспауға тиіс. Бірінші сыныптарда оқу жүктемесін біртіндеп арттыра отырып, оқу сабақтарының «сатылы» режимі қолданылады. Қыркүйек айында үш сабақ 35 минуттан, қазан айынан бастап 45 минутқа дейін жоспарланады. Сабақтарда дене шынықтыру минуттары мен көзге арналған жаттығулар өткізілуі тиіс. Бастауыш мектептерде қосарланған сабақтар өткізуге жол берілмейді. Сабақ кестесін құру кезінде оқушылардың күн мен апта ішінде ақыл-ой қабілетінің динамикасы ескеріледі жәнет қиындық бойынша пәндерді сралау кестесі қолданылады. Саралау кестесіне сәйкес, математика, орыс тілі (қазақ тілінде оқытылатын мектептер үшін), қазақ тілі (қазақ тілінде оқытпайтын мектептер үшін) - 11 балл; ал шет тілі, шет тілінде оқытатын пәндер-10 балл; физика, химия, информатика, биология пәндері - 9 балл ең жоғары балл болып табылады.

Жоғары оқу жүктемесі, әдетте, ең жоғағы өнімділік күндеріне сәйкес келуі керек

(сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі күндеріне). Жалпы білім беретін ұйымдардың барлық түрлерінің оқушылары үшін сабақтар арасындағы үзілістердің ұзақтығы кемінде - 5 минуттан, үлкен үзіліс (2 немесе 3 сабақтан кейін) - 30 минутты қрайды. Бір үлкен үзілістің орнына екінші және төртінші сабақтардан кейін әрқайсысы 15 минуттан екі үзіліс жасауға рұқсат етіледі. Үзілістер барынша таза ауада, ашық ойын алаңдарында жүзеге асырылуы қажет. Тиімді өткізілген үзілістер сабақта пайда болған физиологиялық шаршауды жеңілдетеді және оңтайландырады, баланы келесі сабаққа дайындайды. Осылайша, оқу жүктемесінің режимі гигиеналық талаптарға сәйкес келсе, онда ол оқушының шамадан тыс жүктемесін болуын алдын-алуды қамтамасыз етеді.

А.ҚАБДОЛОВА,
Алакөл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы санитариялық-гигиеналық қадағалау және бақылау, техникалық регламенттерді бақылау бөлімінің бас маманы.

Ауруханаішілік инфекциялардың алдың алу жолдары

Пациенттің ауруханаға шипа іздеп келіп, дертіне дерт қосып алатын жағдайлар да кездеседі. Мұны ауруханаішілік инфекция деп атайды. Науқастың ауруханаға түсуі не амбулаторияға медициналық жәрдем алуға келуі нәтижесінде клиникалық жолмен жұғатын (микроб, вирус не паразит текті) кезкелген жұқпалы ауру медицина қызметкерінде кездесуі мүмкін. Оған жұмысына байланысты ауырып барған адамнан жұққан болуы да мүмкін. Ауру белгілері ауруханада білінбегенімен не одан тыс мезілде көрінуі де ғажап емес. Дегенімен, мұндай ауруханаішілік инфекцияның қалай алдын алуға болады? Сақтану үшін не істеу керек?

Ауруханалық инфекциялар қоздыратындар:

- патогенді микроорганизмдер (ішектік, вирустық, ауа-тамшылы жұқпалар);

- шартты патогенді микроорганизмдер (хирургиялық іс-әрекеттер аймағы инфекциялары, төменгі тыныс жолдары инфекциялары (өкпе қабынуы), несеп жолдары инфекциялары, қан арнасы инфекциялары және басқа орындар инфекциялары (тері мен сілемейлі қабаттар, буындар мен сүйектер, жүрек-қан тамырлар жүйесі, көз, құлақ, тамақ, мұрын мен ауыз, т.б. инфекциялары).

Қозғаштар арасында стафилококктар, грамм-теріс бактериялар (ішек таяқшасы, клебсияла, протей), псевдомонад тар, легионеллалар, ротавирустар, цитомегаловирус-

тар, т.б. тудырады. Акушерлік стационарда грам-оң микрофлора (хирургиялық бөлімшелерде грам-теріс микрофлора (клебсиела, протей) таратушылар саналады.

Ауруханаішілік инфекциялардың жағдайларын уақтылы анықтау, тіркеу мақсатында емдеуші дәрігерлер АИИ жағдайларын белсінді анықтауды жүргізеді. Инфекциялық бақылау жөніндегі маман нозокомиальды инфекцияның даму тәуекелі жоғары денсаулық сақтау ұйымдарының құрылымдық бөлімшелеріне аптасына кемінде екі рет клиникалық тексеріп аралауға қатысады, зертханалық тексеру нәтижелерін, температуралық парақтар деректерін, ауру тарихындағы антибактериалдық терапияның тағайындалуын (ауысу, күшейту), патологиялық – анатомиялық бөлімше есептерін талдайды.

АИИ–дің жағдайы эпидемиологиялық диагностика деректерінің, науқасадамда болатын (эндогенді факторлар) және медициналық араласу жүргізумен байланысты тәуекел факторларының, ауруханаішілік инфекцияларды анықтау критерийлері ескеріле отырып негізінде комиссиямен анықталады.

Медициналық ұйымнан шығарылғаннан кейін 7 тәулік ішінде жана туған нәрестелердің тері инфекциясы анықталса, осы медициналық ұйымның АИИ ретінде есепке алынуға жатады. Эндометритке шалдықса, медициналық ұйымнан шығарылғаннан кейін 14 тәулік

есепке алынуы тиіс. АИИ жағдайын тіркеу туралы мәліметтерді беру кезінде медициналық ұйымға келіп түскен күні, АИИ белгілері пайда болғаны күні, тоқтату, бұрын болған медициналық манипуляциялар (бөлім, емдеу-диагностикалық ем түрлері) көрсетіледі.

Ауруханаішілік сырқаттанушылықтың анықталған әрбір жағдайы инфекциялық ауруларды тіркеу журналына енгізіледі.

Бір инкубациялық кезінде бір медициналық ұйымда АИИ 3 жағдайға дейін тіркелген кезде (өлім – жітім жағдайларын қоспағанда) эпидемиологиялық тексеруді медициналық ұйымның госпитальдық эпидемиологы жүргізеді. Бір инкубациялық кезінде бір медициналық ұйымда тіркелген АИИ–дің өлім – жітім жағдайы, сондай-ақ АИИ–дің 4 және одан астам жағдайлары тіркелген кезде эпидемиологиялық қадағалау органынан мамандары жүргізеді

АИИ–дің стандартты анықтамалары эпидемиологиялық, клиникалық, микробиологиялық деректерге негізделген.

АИИ –ді зерттеу айыптыларды іздестіруге емес, инфекцияның алдың алуға, шығу қауіп факторларын айқындау және шыға қалса, дер кезінде емдік, эпидемияға қарсы шараларды іске асыруға бағытталады.

Д.УНЕРБЕКОВА,
Алакөл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының эпидемиологиялық бақылау және қадағалау бөлімінің жетекші маманы.



Адам папилломасы Вирусы

АГВ (адам папилломасы вирусы) - бұл әртүрлі ағзалардың (мысалы, жатыр мойнының немесе аногенитальді аумақты), теріне және шарышты қабықтарына инфекция жұқтыратын вирус.

Кейбір жағдайларда инфекция папилломалардың (сүйел) пайда болуына алып келеді. АГВ-инфекциясы бүкіл әлемде ең көп таралған инфекция болып табылады. Әр адамда АГВ инфекциясын жұқтырудың 80% ықтималдығы бар, яғни 10 ер мен әйелдіі шамамен 8-і өз өмірінің қандай да бір сәтінде бір немесе бірнеше типтегі АГВ инфекциясын жұқтырады, АГВ инфекциясының ең жоғары таралымы 25 жасқа дейінгі ерлер мен әйелдерде байқалады. Жұқтыру жолдары: жыныстық қатынас, трансплацентарлы жол, перинаталдық (өте сирек), тұрмыстық байланыс, бұл ретте АГВ аутоинокуляциясы және тұрмыстық заттар арқылы берілу мүмкіндігі жеткіліксіз зерттелгенін атап өту керек. Созылмалы АГВ инфекциясының және жатыр мойны обырының қауіп факторлары: АГВ онкогендік дәрежесі (вирустың қатерлі ісік туғызу қабілеті), иммунитеті төмен адамдар, атап айтқанда, АИТВ-мен өмір сүретін адамдар, созылмалы АГВ инфекциясының жоғары қауіпіне және ісік алды зақымданулар мен қатерлі ісіктердің жедел дамуының жоғары қауіпіне ұшырайды, жыныстық герпес, хламидиоз және гонорея сияқты қатар жүретін жыныстық жолмен

Қазақстан Республикасында қатерлі ісікке қарсы күрестің 2023-2027 жылдарға арналған кешенді жоспары аясында вирустық инфекциялар (адам папиллома вирусы) тудыратын онкологиялық аурулардың алдын алу мақсатында 2024 жылдан бастап 11 жастағы қыздарды адам папиллома вирусына (АГВ) қарсы вакцинациялау жүреді. Екпені тіркелген емханада тегін алуға болады. АГВ вакцинасы АГВ инфекциясының, тиісінше, жатыр мойны обырының дамуының алдын алатыны сөзсіз. АГВ вакцинасы қауіпсіз және тиімді. Ұсынылған жас тобында қолданғанда ол АГВ тудыратын аурулардан (соның ішінде қатерлі ісік) қорғай алады. Ал 30 бен 70 жас аралығындағы әйелдердің жатыр мойны обырына жүйелі түрде скринингтен өтуі жатыр мойны обырының алдын алады. Жыныстық тәлім жыныстық қатынасқа түскен сайын латексті презервативті дұрыс пайдалануды қамтиды. Бұл АГВ жұқтыру мүмкіндігін азайтады. Дегенмен АГВ презервативпен қорғалмаған аймақтар арқылы да жұғуы мүмкін, сондықтан презерватив АГВ инфекциясынан толық қорғай алмайды. Сол себепті өзара моногамдық қарым-қатынасты және салауатты өмір салтын ұстаныңыз.

Р.МУРЗАГЕЛЬДИНОВ,
Алакөл аудандық СЭББ эпидемиологиялық бақылау және қадағалау бөлімінің бас маманы.

Хабарландыру

24 наурыз 2024 жылы қайтыс болған 05.02.1970 жылы туған Алыпсартов Қуанышпай Курмашевичтің мұрагерлік ісі ашылды. Барлық мұрагерлерді Жетісу облыстық нотариаттық округінің нотариусы А. М. Майлыгуловқа хабарласуын сұраймыз.

Жетісу облысының нотариаттық округінің нотариусы Муратов Темирлан Аскарловичте 08.07.2024 жылы қайтыс болған Амирханов Жарылқасымның мұрагерлік ісі ашылды. Мұрагерлерге Жетісу облысы, Алакөл ауданы, Үшарал қаласы, Момышұлы 107 мекенжай бойынша хабарласуын сұраймыз.

Утеря документов

Утерянный техпаспорт ААА №003521, выданный в 2018 году на машину «Ашалы жүктіегіш», СРСД 80 (Қытай), заводской номер машины GA810 01DA01867, на имя ТОО «Dostyk Cargo Service», считать недействительным.

Утерянный техпаспорт ААА №001931, выданный в 2018 году на машину «Жүктіегіш», Ричстакер SANY SRSC45C30 (Қытай), заводской номер машины 14RS45300170, на имя ТОО «Dostyk Cargo Service», считать недействительным.

Меншік иесі:
«Алакөл айнасы» ЖШС-і.

Құрылтайшы:
Ғалым АЗАТҰЛЫ
Директор - Ғалым Азатұлы
Бас редактор - Алмат ЕСЕНБЕКОВ.

Телефондар:

Директор: 3-52-63
Бас редактор: 3-52-68
Бас редактордың орынбасары: 3-51-74
E-mail: alakred@mail.ru
Сайт: alakol-aynasy.kz

Газет аптасына бір рет сенбі күні қазақ және орыс тілдерінде шығады
Газета выходит один раз в неделю в субботу на казахском и русском языках

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде 2021 жылғы 24 желтоқсанда тіркеліп, №КЗ34ВПУ00044522 куәлігі берілген.

Үшарал қаласы, Жеңіс көшесі, 129.
ИНДЕКС: 040200.

Осы шығарылымның таралымы 3071

Газет «Алакөл баспагері» жеке кәсіпкерлігінде басылады.
Инд.: 040200. Үшарал қаласы, Жеңіс көшесі, 129. Тел.: 3-52-84.